



ҚАТПАРШАҚ ҚАРЫННЫҢ БІТЕЛУІ

Орындаған: Зұлмат М.



Топ: 406(II)

Тексерген: Баймурзаева М. С.

Қатпаршақ қарынның бітелуі

- (Dilatatio omasi, Obstructio omasi) – қатпаршақтар арасындағы қуысқа азықтардың қатты бөлшектерінің не құмның толып кетуімен сипатталатын дерт. Ірі қара мал көбірек, қой мен ешкілер сиректеу ауырады.

Патологиялық процесс жүретін аймақ



Себептері

- Қатпаршақ қарынның қатпаршақтар аралық қуысы көп мезгіл бойы қатты майдаланған сабанмен, топанмен, топырақтан тазаланбаған дәнді дақылдармен, егін қалдықтарымен азықтандырғанда немесе бітеу дәнді не жарылған жемдерді көп мөлшерде бергеннен кейін, сонымен қатар шырынды азықтардың мөлшерін азайтып тарының, сұлының, мақтаның қауыздарын бергенде толып кетед. Қатпаршақ қарынның атониясы және оның толып кетуі, көбінесе жүйелі түрде моционға шығармағаннан, әсіресе буаз күндерінің екінші жартысында бой жазбайтын қарындары созылмалы атониямен дерттелінген малдарда пайда болып дамиды.

Дамуы

- Құрғақ қатты, ұсақталынған азықтар қатпаршақтар аралық қуысына жиналып, оның биорецепторларын қатты тітіркендіреді. Қатпаршақтар арасындағы артқан қысым қан айналысын бұзады, қабынулар тудырады. Кейде қатпаршақ қарынның қатпарларының беттерін шірітеді. Тітіркенген биорецепторлар көп уақыт бойы асқорыту орталығын қоздырып тақия, мес қарындардың жиырылуын бәсеңдетеді.
- Күйіс қайыруы тоқтайды, жалбыршақ қарынның жиырылуы бәсеңдейді не мүлдем тоқтайды, сонымен қатар ұлтабар мен ішектердің де қимыл қызметтері бұзылады. Қарындардың қимыл қызметтерінің бұзылуының салдарынан мес қарындағы азық жынында процесі үдей түсіп, уыттар көп құрылады, рН төмендейді. Ұлтабар және ішектердегі ас қорыту қызметінің бәсеңдеуі малдың өнімділігі мен қондылығын төмендетеді.

Симптомдары

- Қатпаршақ қарын тола бастасымен, алдыңғы сағаттардың ішінде-ақ малда жалпы жабырқаулық, әлсіздәк пайда болады, азыққа және күйіс қайыруы нашарлайды не мүлдем жоғалып кетеді. Қатпаршақ қарынның толып кетуінің ерте белгісі ретінде мес қарнының жиырылуы әлсіреп азайып, кейде атонияға дейін жеткені білінеді.
- Руменограммасы аурудың бастапқы кезінде толқын биіктігінің кішіреюмен, ырғықтығының бұзылуымен және жиырылуының 5 минутте 1-3-ке дейін азаюымен сипатталынады. Қатпаршақ қарындағы шуылдар дыбысы бәсеңдейді және сиректейді, 2-3 тәулік аралығында мүлдем жоғалып кетеді. Осы кезеңде қатпаршақ қарынның маңын бойлатып, қатты перкуссиялағанда оның шеттерінің ұлғайғаны, ауырсынғаны байқалады. Ұлтабардың және ішектердің қимылдары аурудың бастапқы кезінде шамалы күшейеді де тез арада-ақ әлсірейді, сонан соң іш қатпасының белгілері пайда болады. Сүттілігі күрт төмендейді. Аз уақытқа созылған лейкоциттердің салыстырмалы түрдегі көбеюі бірте-бірте лейкоцитоға ауысады.

- Қапаршақ қарын жынға қатты толып кетіп, кейбір қатпаршақтары қабынып не шіріп асқынған жағдайда жалпы жабырқауы анық білінеді, мал көп қозғалмайды, шөлдейді, көп мезгіл күйіс қайырмайды, азыққа зауқы жоғалады, дене қызуы аздап көтеріледі, тамыр соғуы және тыныстануы біршама жиіленеді, қан қысымы төмендейді, мес қарынның жиырылуы күрт әлсірейді және саны азайып атонияға дейін жетеді, ұлтабар жіне ішектердің қимылдары баяулайды нәжіс бөлуі сиректенеді. Қатпаршақ қарынның маңын бойлатып, қатты перкуссиялағанда ауырсыну сезімталдығы артады, нейтрофильді лейкоциттер тұрақты түрде көбейеді, зәрмен нидикандар және уробилиндер көп шығады.



Болжамы

- Бастапқы кезде себептерін жойып, тиісті емдік көмек көрсетсе ауру мал айығады. Егерде ауру 8-10 күн және одан да көп мезгілге созылса онда мал өлімге ұшырайды.
- *Балау.* Қатпаршақ қарынның шамалы және тұрақсыз толуы қарындардың гипотониясын тудырады. Егерде, қатпаршақ қарынның қатпаршақ аралық қусы азықтардың және басқа да заттардың қатты бөлшектерімен толып кетіп асқынғандықтан, жоғарыдағы келтіріген белгілер жиынтығы айұын білінсе және аурудың барысы тұрақты түрде өтсе, онда қатпаршақ қарынның бітеліп қалуын не толып кетуін өз бетімен дамыған дара ауру деп есептейді.

Емі

- Аурудың себептерін жояды. Ірі қара малға 10-15л 3-4%-ды натрий сульфатын зонд арқылы, 5л дейін зығырдың, сұлының шырышты маңызын 1-1,5 өсімді майын тағайындайды. Сонымен қатар асқазан-ішек жолдары қызметін жақсартып – ақтамыр тұнбасын тері астына ірі қара малға 5-7 мл, қойға – 1-2мл, венаға 10%-ды натрий хлориді ерітіндісін ірі қара малға 150-200мл, қойға – 40-50мл енгізеді. 10-15%-ды хлорлы натрий, натрий сульфаты және өсімдік майын 500-1000 мл есебінде қатпаршақ қарынға оң жақтан, 8-9 қабырға аралығынан иық-жауырын сызығынан 2-3 см енгізеді. Ал бұл аурудың бастапқы кезінде оң нәтиже береді.

Зонд енгізу арқылы қарынды тазалау



Патологиялық-анатомиялық өзгерістер

- Қатпаршақ қарынның көлемі ұлғаяды, жыны нығыздалынады, кейде қатайған консистенцияға дейін жетеді. Қатпаршақтар арасындағы қуысында азық қалдықтары кеуіп, қатып қалады, қатпаршақ қарынның кейбір қатпарлары қабынып, кей жерлері шіріп кетеді. Мес қарындағы азық жынының консистенциясы сұйықтанады, шірік, өткір иіс шығады.